

FTAMP 14.01.11

П.Б. Әжиева¹

¹С. Демирель атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

«YOUTUBE» ЖЕЛІСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Андатпа. Бұл мақалада ғаламтор желілері, оны ішінде «youtube» желісінің сабақ процесінде көмекші құрал бола алуымен қатар қолжетімділігі жағынан артықшылығы жайлы сөз етіледі. Білім беруде кез келген тақырып бойынша дәл осы желіден түрлі материалдар тауып алуға болатыны бәрімізге мәлім, ал youtube-тің екінші қыры, яғни әр адам бәріне пайдалы бола алатындай материалдар жинақталған жеке канал ашу жағын оқытуда қаншалықты ұтымды пайдаланып жүрміз? Әсіресе қашықтықтан оқыту форматына өткелі бері білімгерлерге меңгерілу керек материалдарды барынша қолжетімді ету жағынан қандай әдіс-тәсілдерді қолданудамыз? Оқытудың онлайн форматында ғаламтордың артықшылығын айтпасақ та белгілі, бұдан бөлек әртүрлі желілерді оқу процесінде ұтымды пайдалана алуымыз да маңызды. Осы тұста мақалада видеосабақтар жайлы және сол видеосабақтардың барынша қолжетімді болуындағы «youtube» желісінің үлесі жайлы айтылмақ.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, онлайн сабақтар, қазақ тілі, «youtube» желісі, ғаламтор, платформалар, видеосабақтар.

Abstract. This article discusses the benefits of the Internet, including YouTube, in terms of accessibility and being a tool in the learning process. We all know that you can find a lot of materials on any topic in education on this network, as well as the second aspect of youtube, namely how effectively we use training to open a personal channel with materials that can be useful to everyone. ? What methods do we use to make the materials as accessible as possible to students, especially after the transition to distance learning? Apart from the benefits of the Internet in online learning, it is also important to be able to use different networks in the learning process. As such, this article will explore video tutorials and YouTube's role in making these video tutorials more accessible.

Keywords: distance learning, online lessons, Kazakh language, youtube, internet, platforms, video lessons.

Аннотация. В этой статье обсуждаются преимущества Интернета, в том числе YouTube, с точки зрения доступности, а также того, что он является инструментом в процессе обучения. Все мы знаем, что вы можете

найти множество материалов по любой теме в образовании в этой сети, а также о втором аспекте youtube, а именно о том, насколько эффективно мы используем обучение по открытию личного канала с материалами, которые могут быть полезны каждому. Какие методы мы используем, чтобы материалы были максимально доступными для студентов, особенно после перехода на дистанционное обучение? Не говоря уже о преимуществах Интернета в онлайн-обучении, также важно уметь использовать разные сети в процессе обучения. В связи с этим в статье будут рассказаны видеоуроки и роль YouTube в том, чтобы сделать эти видеоуроки более доступными.

Ключевые слова: дистанционное обучение, онлайн-уроки, казахский язык, youtube, интернет, платформы, видеоуроки.

Бүгінгі күні ақпараттық-коммуникациялық технологияның заман талабына сай дамып отыруы оқыту жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Дәстүрлі оқытудың өзінде пайдаланылатын әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына сай жаңартылып отыруы керек. Ал соңғы жылдары онлайн форматының, қашықтықтан оқыту жүйесінің білім саласының бөлінбес бір бөлшегіне айнала бастауы оқыту әдіс-тәсілдерінің барынша ұтымды, сапалы болуын екі есе талап етеді. Білімге, ғылымға талпынған студенттердің сандық сауаттылығы жоғары деңгейде екені бәрімізге мәлім, олар оқудан тыс уақытта жаңа технологияны, ғаламтор желілерін жиі пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді оқыту процесінде де қолдана алу оқытушының біліктілігін арттыратыны және сабақтың сапалы болуына үлесін қосары белгілі.

Ғаламтор желілері дегенде бір емес, танымал бірнешеуі еске түседі. Соның ішінде «youtube» желісінің артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталмас бұрын ең алдымен бұл желінің ресми анықтамасын бере кетейік. YouTube ([ˈju:t(j)u:b] — ютьюб, ютюб, ютуб) — бұл бейнематериалдар хостингінің сервистерін ұсынатын қызмет [1]. Мұнда қолданушылар қандай да бір бейнежазбаларды қосуға, қарауға не оларға түсінік беруге мүмкіндігі бар [2]. YouTube қолдануға ыңғайлы және қарапайымдылығының арқасында бейнефайлдарды орналастыруға арналған ең танымал орындардың біріне айналды. Бұл сайтта кәсіби түсірілген фильмдер мен клиптермен қатар әуесқойлық бейнежазбалар, сонымен қатар бейнеблогтар ұсынылады [3]. Көптеген адамдар әлеуметтік желілерде сілтеме жасап, өз-өздеріне сілтеме жасай отырып, YouTube бейнероликтерін ортақ пайдалануда. Жалпы YouTube деген не екенін бәрі біледі. Пайда болғалы бұл қызмет тез танымал бола бастады, әр адамның өмірінде өз орнын иеленді. Барлық ғаламтор желілері сияқты youtube-тың да артықшылықтары мен кем тұстары бар, яғни әкелер белгілі бір зиянымен қоса пайдасын да жоққа шығара алмайсыз. Әрине, бұл жайлы сөз қозғағанда әр қолданушының бұл желіні қолданудағы мақсатын

ескереміз. Ал оқытудағы көмекші құрал ретінде пайдасын айтпасақ та белгілі. Ұстаз болсын, шәкірт болсын оқу процесінде дәл осы желіні кеңінен қолданады, іздену жолында кез келген тақырыпта шағын, ауқымды көлемде бейнероликтердің сабақтың барынша қызықты болуына көмегін тигізіп келе жатқанын білеміз. Жай ғана желіні ашып көріп қана қоймай, сол материалды көшіре алудың өзі бұл желінің пайдасын арттырып отыр. Дайын бейнероликтерді қолданудан бөлек бұл желіде әр адам өз каналын ашып, өзі қалаған бейнероликтерін жүктей алуы дәл осы youtube-тың танымалдылығын арттыруда. Бұл мақалада youtube-тің дәл осы қыры жайлы сөз болмақ.


Дүниежүзілік пандемия бастала салып мектеп, ЖОО-ның барлығы жылдамдатып толықтай оқытудың онлайн форматына өтуге мәжбүр болды. Мұғалімдер де, студент, оқушылар да бұл форматқа бірден үйренісіп кете алмады, жаңа платформалармен жұмыс істеумен қатар ұстаздар қауымы дәстүрлі оқыту шеңберінен шығып, оқу процесінің, берілетін білімнің барынша сапалы болуы үшін жан жақты іздене бастады, ұтымды жолдарын іздестіруге кірісті. Сол ұстаздардың бірі болып біз де онлайн сабақтарымыздың барынша пайдалы, заман талабына сай, сондай ақ сабақ материалдарының қашықтықтан оқыту жүйесіне көшкен студенттеріміз үшін әрдайым қолжетімді болу жағын да ойластыра бастадық. Осы тұста бізге youtube желісі көмекке келді. Әр тақырып бойынша алдын ала видеосабақтар түсіріп, оқытушыларымыздың бірі ф.ғ.к., СДУ ассоц.проф Райхан Абнасырова youtube желісінен канал ашып, сол каналға бас аяғы бір жылда қамтылуы керек алдын ала дайындалған 30 видеосабақты тіркедік. Онлайн форматында белгілі платформалармен сабақтарымызды өткізумен қатар қазақ тілі пәніне тіркелген студенттерімізбен осы видеосабақтарымыздың youtube желісіндегі сілтемесімен бөлісу арқылы әрбір жаңа тақырып бойынша меңгерілу керек материалдардың қолжетімді болуына жол аша алдық. Сонымен қатар сілтемесіз ақ желіде бөлім атауын теріп қана видеосабақтарды оңай табуға болады, тек сабақ уақытында ғана емес, емтихан кездерінде де өтілген тақырыптарға шолу жасау жағынан да бұл тәсіл студенттерге өте пайдалы болды деген ойдамыз. Жалпы әр тақырып бойынша тың, қызықты материалдар жинау, өңдеу, презентациясын дайындау, видео түсіру, барлығын біріктіру, монтаж жасау т.б. жұмыстарды үш оқытушыдан біріккен топ жүзеге асырды. Олар: СДУ ассоц.профессоры, ф.ғ.к. Райхан Абнасырова, СДУ аға оқытушысы, магистр Ғазиза Отарбаева және СДУ оқытушысы, магистр Перизат Әжиева. Ары қарай сол сабақтарға толығырақ тоқталып өтейік.

Отыз сабақтың ішінен үш оқытушының үш сабағынан мысал келтіре отырып онлайн сабақтарымызды youtube желісімен қалай байланыстырғанымызды таратып айтар болсақ, әрбір видеосабақта негізгі материалдың белгілі бір бөлігін әр оқытушы міндетті түрде өзі де


түсіндіріп отырды, оны төмендегі суреттерден байқай аласыздар [5], [6], [7]:



1-бөлім видеосабағы



17-бөлім видеосабағы




22-бөлім видеосабағы

Әр бөлім бойынша лексикалық және грамматикалық тақырыптар презентациямен бірге таныстырылып отырды немесе жоғарыдағы 17-бөлімнен байқағандарыңыздай монтаж арқылы оқытушының сөйлеген тұсына қосып отырдық.



1-бөлім тақырыбы

«Қазақ тілі» оқулығын негізге алып жұмыс істедік [4], дегенмен әр тақырып барынша қызық болуы үшін тек бір оқулық материалдарымен шектелмей жан жақтан ізденіп отырдық.



1-бөлім үзіндісі

Кей сабақтарда бірден тақырыппен таныстырсақ, кей сабақтарды студенттің өзіне ойлануға мүмкіндік беру үшін ең алдымен видео т.б. материалдар ұсынып немесе сұрақтар қоюмен бастап отырдық.



22-бөлім үзіндісі



22-бөлім тақырыбы



17-бөлім үзіндісі


Сабақтарымызды тек оқытушының сөйлеуімен, презентациямен шектемей тақырыпқа сай әртүрлі видеолармен де түрлендіріп отырдық, бұл тұста да youtube желісі көмекке келіп отырды.



17-бөлім үзіндісі

Әр видеосабак соңында лексикалық, грамматикалық тақырыптар негізінде студенттерге аудиториялық, үй тапсырмалары беріліп отырды, яғни осы тақырыпты таныстыру, түсіндіру, түрлі материалдармен толықтыру, тапсырма беру т.б. жұмыстар 15-20 минуттық видеосабакта бірінен соң бірі жалғасын тауып отырды, бұл дегеніміз студенттің қолында пән бойынша материал жинақталған күйде болды, әр сабақтың youtube-

тағы сілтемесі платформаларға тіркеліп отырды, бұдан бөлек кез келген адам үшін осы видеосабактар қолжетімді, ол үшін тек «Қазақ тілі» оқулығындағы [4] тақырыптарды желіде терсеңіз болды, видеосабак шыға келеді.



17-бөлім үзіндісі

Жалпы видеосабакты алдын ала көру арқылы әр жаңа тақырыпқа дайын келетін студенттермен бірге ары қарай сабақты түрлендіре түсу, барынша қызықты өткізу мүмкіндігі туды, жаттанды жолмен сабақ үстінде презентацияны қосып қойып сабақтың жартысын тақырып түсіндірумен өткізгеннің жанында бұл әдіс-тәсіл біз үшін де, студент үшін де зор пайдасын әкелген жаңашыл тәсіл болды десек артық емес. Осы бір идеяны қолға алу арқылы сабақтарымызға жаңа тыныс берумен қатар, видеосабактардың желідегі қолжетімділігін ескерсек, әр оқытушы өз пайдасына асыра алуын да артықшылық ретінде айта кету керек. Себебі өзіміз іздену барысында байқағанымыздай тақырыпқа сай қызықты материалдарды бірден тауып алу оңай емес, осы тұста youtube-та жеке канал ашып, видеоларымызды қолжетімді ету арқылы сыртқы аудиторияға пайдамыз тисе дейміз.

Жоғарыда айтылып кеткендей кез келген ғаламтор желілерінің, әлеуметтік желілерінің екі жағы болады, оның пайдалы жағын алу немесе керексіз ақпараттарды қарау арқылы босқа уақыт өткізу жағын әр адам өзі шешеді. Ал білім беру саласында дәрістерді дайындауда желілердің қолжетімділігін тиімді пайдалана алу әр оқытушының сабағын қызықты, пайдалы, тың ақпараттарға толы ететіні белгілі. Youtube желісінде іздеу арқылы болсын, сілтеме арқылы болсын кез келген тақырыпта материалдар, видеолар тауып алуға болады, бұдан бөлек жеке канал ашып өз жұмыстарымызды да сала алуымыз бұл желінің ең үлкен пайдалы тұсы. Тек видеосабактарды дайындаумен ғана шектелмей youtube желісінің дәл осы пайдалы тұсын дұрыс пайдалана алу біз үшін ұтымды шешім болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 URL:[http://www.alexa.com/site/ds/top_sites?ts_mode=global&lang=none%7Ctitle=Alexa Site Rankings](http://www.alexa.com/site/ds/top_sites?ts_mode=global&lang=none%7Ctitle=Alexa+Site+Rankings)
- 2 YouTube HTML5 Video Player, *YouTube*. Тексерілді сәуір 12, 2011.
- 3 *Weber, Tim*. BBC strikes Google-YouTube deal, *BBC* (наурыз 2, 2007). Тексерілді қаңтар 17, 2009.
- 4 Абнасырова Р., Нұрманова Г., Дүйсебекова Ж. Қазақ тілі. - Алматы: «Үш қиян», 2018. -182 б.
- 5 URL:https://www.youtube.com/watch?v=F2Qfw3bmsLE&list=UUfOU58UDRv7FLqd_tvdTLqw&index=26
- 6 URL:https://www.youtube.com/watch?v=i7-iMUphGYw&list=UUfOU58UDRv7FLqd_tvdTLqw&index=12
- 7 URL:https://www.youtube.com/watch?v=Pza7KlrxpGA&list=UUfOU58UDRv7FLqd_tvdTLqw&index=9